



№12
ШЫҒАРЫЛЫМ

2019



ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨҢІРЛЕРІНДЕГІ
ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУ
ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП



Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігі



BAITEREK



DAMU
КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨҢІРЛЕРІНДЕГІ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП



*«Қазақстан және оның
өңірлеріндегі шағын және орта кәсіпкерліктің
даму жағдайы туралы есеп»
кітабын «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ әзірледі*

Г. Бурибаева, Б. Мақажанов, А. Оспанов, А. Керімбеков, Б. Имашев

**«Қазақстан және оның өңірлеріндегі шағын және орта
кәсіпкерліктің даму жағдайы туралы есеп».**

Алматы, 2020 ж., № 12 шығарылым. 108-бет

«Қазақстан және оның өңірлеріндегі шағын және орта кәсіпкерліктің даму жағдайы туралы есеп» кітабы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ («Даму» қоры) авторлар ұжымымен әзірленген. Есепте Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) секторының даму динамикасы мен жағдайы туралы толық ақпарат келтірілген. Есептің бірінші бөлімдерінде салалық және өңірлік қимадағы ШОК кешенді жалпы республикалық талдауы көрсетілген. Жеке бөлім «Даму» қорының кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі қызметінің нәтижелерін қамтиды. Есеп «Даму» қорының 2020 жылдың соңына дейін Қазақстандағы ШОК одан әрі дамыту жоспарлары туралы бөліммен аяқталады.

Барлық материалдар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және «Даму» қорының ағымдағы статистикалық деректеріне негізделген. Кітап статистикалық деректермен кесте, сурет және диаграммалар түрінде бейнеленген, бұл оны түсінуді жеңілдетеді. Үкіметтік органдарға, жергілікті атқарушы билік органдарына, жоғарғы оқу орындарына, қоғамдық ұйымдарға және бизнес құрылымдарына ұсынылады.

© Бұл кітаптағы барлық материалдар (мәтіндік ақпарат және графикалық суреттер)
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ меншігі болып табылады.

ISBN 978-601-80432-7-7





МАЗМҰНЫ

Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары – Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	4
«ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрайымының үндеуі	6
01 Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуының жағдайы мен динамикасының мониторингі	8
02 Қазақстан өңірлеріндегі ШОК ДАМУ көрсеткіштерін салыстыру	14
03 Қазақстан Республикасының өңірлеріндегі ШОК субъектілерінің дамуын талдау	20
04 «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ кәсіпкерлікті қолдау бойынша бағдарламаларын іске асыру нәтижелері	74
05 Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың жаңа құралдары	102

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Смайылов Әлихан Асханұлы

Директорлар кеңесінің төрағасы

ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары

ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!

2019 жылы ел басшылығымен және Үкіметпен бизнесті қолдау бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевпен кәсіпкерлікті дамытуға көп көңіл бөлініп, елімізде бизнес ашу және жүргізу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Ерекше назарды Ел басшысының Жолдауында мазмұндалған, «шағын, әсіресе микробизнес еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарады. Ең алдымен, ол ауыл мен қала тұрғындарының тұрақты жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етіп, нәтижесінде жұмыссыздықты азайтады. Сондықтан да мемлекет бизнеске қолдау көрсетуін жалғастыруда» деген ұстанымына бөле кету қажет.

Қазақстандағы кәсіпкерлікті кешенді қолдаудың тиімді, әрі қажетті құралдарының бірі болып 2025 жылға дейін созылған «Бизнестің жол картасы — 2025» Мемлекеттік бағдарламасы табылады. Бағдарлама мақсаты — қазіргі жұмыс орындарын сақтап қалу және жаңаларын құру, өңірлік кәсіпкерліктің ел экономикасының шикізаттық емес салаларындағы тұрақты әрі теңгерімді өсімін қамтамасыз ету. Өткен жылы кәсіпкерлікті қолдау мақсатымен Үкіметтің «Қарапайым заттар экономикасы» басым жобаларды несиелендіру Бағдарламасы жүзеге асырылып, бірқатар өзге мемлекеттік бағдарламалар жетілдірілді. Ол бағдарламаларды жүзеге асыру аясында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мемлекеттік қолдау шараларының негізгі қаржылық операторларының бірі ретінде әрекет етеді.

«Даму» қоры несиелердің жалпы 600 млрд теңгеден асатын сомада 24 мыңнан аса жобаны қаржыландырып, 2019 жылды жақсы көрсеткіштермен аяқтады.

Қордың өңірлердегі орта және шағын бизнесті қолдау бойынша өзіндік бағдарламалары да нәтижелі жүзеге асырылуда. Субсидиялау және кепілдік беру жөніндегі өтінімдерді E-gov порталы арқылы қабылдаудың толық кірістірілуі жүзеге асырылды. 2019 жылы қаржылық супермаркет қағидасы бойынша жеке Online Damu интернет-порталын іске қосу бойынша бастама жүзеге асырылды.

2020 жылы «Қалпына келтірілетін энергия көздеріне инвестициялау тәуекелдерін азайту» жаңа жобасының аясында Қордың БҰҰ Даму бағдарламасымен және Ғаламдық экологиялық форумымен іскерлесуі жалғасуда.

Дүниежүзілік банк деректеріне сәйкес, 2019 жылы «Doing Business» бизнесті жүргізу оңайлығы рейтингінде Қазақстан 190 елдің арасында 28 орыннан 25 орынға көтеріліп, орнын 3 тармаққа жоғарлатты. Бұнда Қордың да үлесі бар.

«Даму» қоры шағын және орта бизнесті қолдау мен дамыту тәжірибесін зерттеуге ерекше назарын бөлуді жалғастырады. Қор қызметкерлерінің шетелдік тағылымдамалар барысында жинаған білімдері тәжірибелерінде нәтижелі түрде пайдаланылуда.

Микро, шағын және орта кәсіпкерліктің экспортқа бағытталған субъектілерін қолдау бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру, оқыту бағдарламаларын жүзеге асыру мақсаттарында 2019 жылы: «KOSME» Корей ШОК және стартаптар агенттігі, «МСП Банк» АҚ (Ресей), Өзбекстан Республикасының Министрлер кабинеті жанындағы Кәсіпкерлік қызметті дамытуды қолдау бойынша мемлекеттік қор, Әзірбайжан Республикасының Кәсіпкерлікті дамыту қоры және тағы басқа сол сияқты ұйымдармен іскерлесу жөніндегі 8 меморандум мен келісімге қол қойылды.

«Даму» қоры алдына қойылған міндеттерді орындау үшін қажетті барлық ресурстар мен құралдарға ие.

«Даму» қорымен атқарылатын, шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін және көрсетілетін қызметтер сапасын арттыруға бағытталған жұмысы оң нәтижелер беретіндігіне күмәнім жоқ.

Смайылов Әлихан Асханұлы
Директорлар кеңесінің төрағасы

БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Бурибаева Гаухар Асылбекқызы

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Басқарма төрайымы

2019 жылы бизнесті құру және жүргізу жағдайларын жақсартуға және қазақстандықтардың кәсіпкерлік әлеуетін дамытуға көп көңіл бөлінді. Әлемдік экономиканың қазіргі даму кезеңінде шағын және орта бизнес тиімді өсудің және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құрудың негізі болып табылады, оның нәтижесі халықтың әл-ауқатын мультипликациялық жақсартуға әсер етеді.

Қор микро-, шағын және орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсететін негізгі ұлттық даму институты болып табылады. Қор 4 негізгі құралды ұсынады:

1. жеңілдікпен несие беру;
2. сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;
3. несиелерді кепілдендіру;
4. онлайн оқыту және клиенттерді қаржы институттарына дейін сүйемелдеу.

Аталған қаржы құралдарын қолдана отырып Қор 5,3 трлн теңге несиелер сомасына 85 мың жобаға қолдау көрсетті.

Қор Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаттары есебінен, «Бизнестің жол картасы-2025» Мемлекеттік бағдарламасы, «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламасының, микро-, шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламасының, соның ішінде әйелдер кәсіпкерлігінің арқасында, Азия Даму Банкінің (АДБ), Еуропа қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) тартылған қаражаттарының шегінде өңдеуші өнеркәсіпті қолдау бағдарламаларын; Әкімдіктермен бірлесіп аймақтық қаржыландыру бағдарламаларын, және микро-, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудың өзге бағдарламаларын, өз қаражаттарының және тартылған қаражаттардың есебінен іске асыруда. Жалпы, екінші деңгейдегі банктер арқылы жеңілдікпен несиелендіру бағдарламалары бойынша микроқаржы ұйымдары және лизингтік компаниялар 2,2 трлн теңге жалпы несиелер сомасына 61 мың қарыз алушыны қаржыландырды.

2019 жылы барлық бағдарламалар бойынша сыйақы мөлшерлемесіне субсидиялауды алған жобалар саны 2 647 белгісіне дейін жетті, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 87 %-ға өсіп, 269,8 млрд теңге несиелер

сомасын құрады. Сондай-ақ несиелер сомасы 36 %-ға жоғарылады. Жалпы, сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бойынша барлығы 2,8 трлн теңгеге 15,5 мың жобаға қолдау көрсетілді.

2019 жылы барлық кепілдендіру бағдарламалары бойынша жобалар саны 2018 жылмен салыстырғанда 38 %-ға өсіп, 2 674-ке жетті. Несиелер сомасы 102,7 млрд теңгені құрады, ал кепілдіктер сомасы 40,4 млрд теңгеге жетті. Жалпы алғанда, кепілдендіру құралы бойынша бағдарламаны іске асыру кезеңінің ішінде 302 млрд теңгеге 8,6 мың жобаға қолдау көрсетілді.

Тұрақты институционалдық дамудың стратегиялық міндетін іске асыру мақсатында Қор негізгі бизнес-процестерді автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізуде. Былтырғы жылы онлайн қызметтерді көрсету, өтінімдерді қарау мерзімдерін жылдамдату және клиенттер үшін қосымша қолайлы жағдайларды жасау үшін **online.damu.kz** порталы ашылды. Порталда кәсіпкерлер мыналарды жүзеге асыра алады:

- жаңа жобаның мемлекеттік қолдауды алуға лайықтылығын/мүмкіндігін тексеру (сала/аймақ);
- субсидиялау, кепілдендіру және жеңілдікпен несиелендіру бойынша мемлекеттік қолдауға онлайн-режимде өтінім беру.

Былтырғы жылдың ішінде отандық кәсіпкерлерді қолдау үшін 67,5 млрд теңге, соның ішінде АДБ желісі бойынша 35,3 млрд теңге тартылды.

Мемлекеттік қолдау шараларына ие болған кәсіпкерлер Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосады. Атап айтқанда, 2018 жылы Қор қолдау көрсеткен кәсіпкерлер 5,5 трлн теңгеге өнім шығарды (жылдық жиынтық табыс), 443 млрд теңге салық төледі және 8,7 мың жұмыс орнын құрды.

2020 жылы Қор микроқаржылық ұйымдар арқылы микронесиелендіру, лизингтік компаниялар арқылы қаржыландыру және Исламдық қаржыландыру сияқты қаржыландырудың балама түрлерін дамыту бойынша жұмысты жалғастырмақ.

Сонымен қатар, Қор секьюритизациялау механизмін қолдано отырып жасалатын мәмілелер мен «Астана» Халықаралық қаржылық орталығының биржасында «жасыл» облигацияларды шығару сияқты Қорды қорландырудың балама түрлерін жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Бурибаева Гаухар Асылбекқызы

Басқарма төрайымы



01

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА
КӘСІПКЕРЛІКТІҢ
ДАМУЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ
МЕН ДИНАМИКАСЫНЫҢ
МОНИТОРИНГІ






ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІң ДАМУЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДИНАМИКАСЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ


2019 жылы Қазақстанның экономикасы қолжеткізген өсу қарқынын сақтап қалды: ЖІӨ 12% өсті. Осы жағдайда ШОК секторында өнім шығару да арттырылды. Оның үстіне заңды тұлғалардың үлесі жоғарылап келе жатқан субъектілер санының институционалдық құрылымында өзгерістер жалғасып келе жатыр:

- 2019 жылдың ішінде әрекеттегі ШОК субъектілерінің саны 7,2% көбейіп, жыл соңына қарай 1 330 мың бірлікке жетті. Тіркелген ШОК субъектілерінің арасындағы әрекеттегі ШОК субъектілердің үлесі 82,9% деңгейді құрады, бұл 2018 жылдың көрсеткішіне қарағанда 4,3 пайыздық тармаққа жоғары болып табылады.
- Ұйымдық-құқықтық нысандары бойынша ШОК субъектілерінің құрылымындағы заңды тұлға нысанындағы ШОК кәсіпорындарының саны 27,0 мың бірлікке көбейді. Олардың ШОК субъектілерінің жалпы құрылымындағы үлестік салмағы 19,4%-ға дейін көбейді. Осылайша, жаңа заңды тұлғаларды құрудың және жеке кәсіпкерлерді ЖШС-не қайта тіркейдің есебінен шағын бизнесті сапалы институционалдық дамыту жалғасып келе жатыр.
- Бір жылдың ішінде ШОК-те жұмыспен қамтылғандардың саны 3,9%-ға жоғарылап, 01.01.2020 ж. дейін 3 399 мың адамға жетті. 01.01.2020 ж. қарай бүкіл мемлекет бойынша ШОК-те жұмыспен қамтылған халықтың үлестік салмағы 38,7%-ды құрады.
- 2019 жылдың ішінде ШОК субъектілерінің шығарған өнімі 31,2 трлн теңгеден асты. Нақты шамада бір жылдың ішінде өнім шығару 11,9%-ға өсті, бұл ЖІӨ өсуінің жалпы деңгейінен жоғары болып табылады. Соның салдарынан еліміздің ЖІӨ-гі ШОК ЖҚҚ үлесі 30,8% деңгейінде бағаланды. Бұл 2018 жылдың көрсеткішінен 2,5 пайыздық тармаққа жоғары болып отыр.
- 2019 жылдың төрт тоқсанының ішіндегі деректер бойынша шағын кәсіпорындардан КТС төлеу бойынша төлемдерден түскен түсімдер 941 млрд теңгені құрады. Осылайша, олардың КТС түсімдерінің жалпы сомасындағы үлесі 30,4%-ға жетіп, 2018 жылмен салыстырғанда өсім 16,8%-ды, 2017 жылмен салыстырғанда — 56,0%-ды құрады.
- Былтырғы жылдың ішінде микро, шағын және орта кәсіпкерлікке берілген кредиттер сомасы 4,0 трлн теңгені құрағанымен, өсу қарқындары бойынша экономиканы жалпы несиелендіруден артта қалып отыр. Осының нәтижесінде олардың экономикадағы жалпы кредиттер сомасындағы үлесі 26,9% деңгейінде қалыптасты.
- 2019 жылдың ішінде заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге арнап берілген кредиттер саны 111,6 мың бірлікке жетті, былтырғы жылмен салыстырғанда өсім 30,1%-ды құрады.
- 2010 жылдан бері бес негізгі көрсеткіш бойынша ШОК секторының салалық құрылымында екі негізгі үрдіс сақталып отыр. Біріншіден, барлық көрсеткіштер бойынша логистика саласының үлестік салмағы өсуде: субъектілер санында — 7%-дан бастап 8%-ға дейін, жұмыспен қамтылғандар санында — 7%-дан бастап 8%-ға дейін, өнім шығаруда — 9%-дан бастап 10%-ға дейін, КТС түсімдерінде — 4%-дан бастап 6%-ға дейін және кредиттік портфельде — 5%-дан бастап 7%-ға дейін. Екіншіден, ауыл шаруашылығында құлдырау байқалды: кәсіпорындар саны мен жұмыспен қамтылғандар санындағы үлестік салмақтар айтарлықтай азайды. Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары бойынша абсолюттік мәндерде өсім байқалды (2010 жылдан бастап субъектілер саны 2,4 есе, жұмыспен қамтылғандар саны — 24,6%-ға, өнім шығару — 3,6 есе, КТС түсімдері — 7,4 есе, кредиттер — 2,8 есе көбейді).


ШОК және ЖКС тіркелген субъектілер санының динамикасы




ШОК және ЖКС әрекеттегі субъектілер санының динамикасы




Ұйымдық-құқықтық нысандар қимасындағы ШОК субъектілерінің құрылымы, %




Ұйымдық-құқықтық нысандар қимасындағы ШОК субъектілерінің құрылымы, мың бірл.




Мемлекеттің жұмыспен қамтылған халқының жалпы санындағы ШОК-те жұмыспен қамтылғандардың үлесі




Банктерден берілген кредиттер, мың бірл.




ШОК-ң ЖІӨ-ге үлесі




КТС түсімдерінің жалпы сомасындағы шағын кәсіпорындардың КТС үлесі




ЕДБ берілген кредиттерінің динамикасы, кезең ішіндегі



2019 жылдың ішіндегі ӨЖӨ, млрд теңге (барлығы: 69 956,5 млрд теңге)



ШОК макрокөрсеткіштерінің салалық құрылымы, %



Ескертпе: ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің (www.stat.gov.kz), ҚР Ұлттық Банкінің (www.nationalbank.kz) деректері бойынша жасалған.

* 2019 ж. деректер «Даму» қорының жедел ақпараты мен бағалауы негізінде жасалған



02

ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРЛЕРІНДЕГІ ШОК ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІН САЛЫСТЫРУ





ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРЛЕРІНДЕГІ ШОК ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІН САЛЫСТЫРУ

2019 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан өңірлерінің ШОК секторы қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша рейтингтері төмендегідей қалыптасты:


- 2019 жылдың соңына қарай ШОК әрекеттегі субъектілерінің саны бойынша Алматы және Нұр-Сұлтан қалалары, сондай-ақ Түркістан облысы көшбасшы болып отыр. Жиынтығында осы өңірлерге мемлекеттің барлық ШОК субъектілерінің 37%-ы тиесілі. ШОК әрекеттегі субъектілерінің саны ең аз өңірлерге Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан және Павлодар облыстары жатады.
- ШОК тіркелген субъектілерінің жалпы санындағы әрекеттегі ШОК субъектілерінің үлесі бойынша Түркістан мен Қызылорда облыстары және Шымкент қаласы бірінші орынға шықты. Жалпы, 14 өңірдің ШОК субъектілерінің белсенділік деңгейі республикалық деңгейден жоғары (82,9% артық).
- Шетелдіктердің қатысуымен немесе шетелдік меншіктегі тіркелген кәсіпорындардың ең жоғары саны Алматы қаласының үлесінде: мұндай кәсіпорындардың үлесі қаланың шағын және орта кәсіпорындарының жалпы санының 13,7% құрайды. Одан басқа, Солтүстік Қазақстан облысында шетелдіктер қатысатын кәсіпорындардың үлесі 8,8% құрайды және жалпы республикалық деңгейден асады (8,5%).
- Гендерлік тұрғыдан Қарағанды облысы әйелдер басқаратын ШОК субъектілерінің үлесі ең жоғары өңір болып табылады (45,7%). Сондай-ақ, әйел-кәсіпкерлердің үлесі жоғары өңірлерге Шығыс Қазақстан, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстары жатады.
- 2020 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша ШОК-те жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны бір жылдың ішінде 3,9% жоғарылап, 3 399 мың адамды құрады. Қысқарту тек үш өңірде ғана орын алған. ШОК-те жұмыспен қамтылғандардың ең көп саны Алматы қ., Нұр-Сұлтан қ., Қарағанды

және Шығыс Қазақстан облыстарында байқалды.

- 2019 жылдың ішінде Қазақстанның бүкіл ШОК секторының өнім шығару көлемі 31 203 млрд теңгені құрады. Өңірлік тұрғыда өнім шығаруға ең жоғары үлесті Алматы қаласының (8 022 млрд теңге) және Нұр-Сұлтан қаласының (5 948 млрд теңге) ШОК субъектілері салуда. Олардың өнім шығару көлемі мемлекеттің ШОК жалпы өнім шығару көлемінің 45% құрайды.
- Шағын кәсіпорындардың 2018 жылдың төрт тоқсанының ішінде төлеген КТС жалпы сомасы 981 млрд теңгені құрады. Төлемдер сомасы бойынша Атырау облысы, Алматы қ., Батыс Қазақстан облысы және Нұр-Сұлтан қ. көшбасшы болып отыр. Олардың шағын кәсіпорындары мемлекеттің шағын кәсіпорындарының КТС түскен барлық түсімдерінің 90%-дан астам бөлігін төлеген.
- 01.01.2020 ж. жағдай бойынша шағын кәсіпкерлікке арналған кредиттер бойынша ЕДБ жиынтық қарыз портфелінің мөлшері 2 108 млрд теңгені құрады. Банктердің шағын бизнесті несиелендіруінің өңірлік құрылымында Алматы қаласы (1 169,2 млрд теңге немесе мемлекет бойынша шағын бизнеске арналған кредиттердің 55%) басым позицияда тұр. Қарыз портфелінің көлемі бойынша екінші орында Нұр-Сұлтан қаласы (272,8 млрд теңге) тұр. Шағын бизнес сегментіндегі барлық кредиттердің 68%-дан астам бөлігі осы екі қаланың үлесінде.
- Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларын ескермегенде, 2019 жылдың соңына қарай облыс орталықтарынан тыс шағын кәсіпкерлікке арналған кредиттердің жиынтық үлесі 11,3% құрады. Облыс орталықтарынан тыс жерде Шығыс Қазақстан облысында (кредиттердің 33%-ы), Павлодар (23%-ы) және Қарағанды облыстарында (19%-ы) кәсіпкерлер жоғары белсенділікпен несиелендіріліп жатыр.


01.01.2020 жылға тіркелген ШОК және ЖКС субъектілерінің саны, мың бірл.

Қазақстан бойынша: 1 603,8 мың тіркелген ШОК субъектілері, 1 664,5 мың тіркелген ШОК және ЖКС субъектілері




01.01.2020 жылға әрекеттегі ШОК субъектілерінің саны, мың бірл.


Қазақстан бойынша: 1 330,2 мың әрекеттегі ШОК субъектілері




Әйелдер мен ер адамдар басқаратын ШОК субъектілерінің үлесі, өңірлер бойынша, %



Шетелдіктер қатысатын ШОК үлесі (заңды тұлғалар бойынша деректердің негізінде), %




01.01.2020 жылға тіркелген ШОК субъектілерінің жалпы санындағы әрекеттегі ШОК субъектілерінің үлесі, %




01.01.2020 жылға өңірлер бөлінісіндегі ШОК-те жұмыспен қамтылғандардың саны, мың адам

Қазақстан бойынша: 3 398,8 мың адам




2019 жылдың ішіндегі өңірлер бөлінісіндегі ШОКС өнім шығаруы, млрд теңге


Қазақстан бойынша: 31 203,1 млрд теңге



ӨЖӨ құрамындағы ШОКС ЖҚҚ үлесі, %




01.01.2020 жылға өңірлік тұрғыдағы шағын кәсіпкерлікке кредиттер бойынша ЕДБ портфелі




2019 жылдың ішіндегі өңірлер бөлінісіндегі ӨЖӨ және ШОКС ЖҚҚ, млрд теңге

Қазақстан бойынша: ЖІӨ 68 956,5 млрд теңге, ШОКС ӨЖӨ 21 226,6 млрд теңге




2019 жылдың ішіндегі өңірлер бөлінісіндегі шағын кәсіпорындардың КТС, млрд теңге

Қазақстан бойынша: 981,0 млрд теңге



Облыс орталықтарындағы және басқа қалалар мен аудандардағы банктердің шағын кәсіпкерлікке кредиттері, %





The background is a watercolor illustration of a coastal landscape. On the left, there's a sandy beach with some greenery, leading to a turquoise sea. In the foreground, there are several circular, rocky islands or reefs with white sandy tops and dark blue outlines. The right side of the image is dominated by a large, abstract watercolor shape in shades of blue and green, which serves as a backdrop for the title. The overall style is soft and artistic.

03

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӨҢІРЛЕРІНДЕГІ ШОҚ
СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ
ДАМУЫН ТАЛДАУ

3.1 НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

1832 ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛДЫ. 1997 ЖЫЛДЫҢ
10 ЖЕЛТОҚСАНЫНАН БАСТАП –
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АСТАНАСЫ



* 01.01.2020 ж.


2019 жылдың ішіндегі Нұр-Сұлтан қаласының ШОК секторындағы негізгі өзгерістер:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 10,2%, әрекеттегі ШОК субъектілерінің саны 7,9% көбейді. Олардың үлесі 76,9%-дан 80,4%-ға дейін жоғарылады.
- Салалық құрылымда қызмет көрсетулер (36,0%), сауда (32,0%) және құрылыс (11,0%) субъектілері басым.
- ШОК-те жұмыспен қамтылған халық саны 2019 жылдың ішінде азайды. Жалпы жұмыспен қамтылғандар санындағы ШОК-те жұмыспен қамтылғандардың үлесі 71,6%-дан 68,6%-ға дейін өсті.
- ШОК субъектілерінің өнім шығару көлемі (салыстырылатын бағалармен) 15,2% көбейді. ӨЖӨ-гі ШОК ЖҚҚ үлесі 55,5%-дан 57,9%-ға дейін жоғарылады.
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығындары 13% азайды. Бұл ретте олардың барлық кәсіпорындардың КТС бойынша жалпы шығындарындағы үлесі 36,6%-дан 39,6%-ға дейін жоғарылады.
- Шағын кәсіпкерлікке кредиттер портфелі 29,3%-ға азайды. Оның экономикаға кредиттердің жалпы портфеліндегі үлесі 19,3%-дан 16,0%-ға дейін азайды.




Нұр-Сұлтан қаласындағы шағын және орта кәсіпкерлік.
ЖК «Ахметова Ф.Х.» Нан және нан-бөлішке өнімдерін, сондай-ақ қамыр өндіру. «Қарапайым заттар экономикасы» басым жобаларға кредит беру тетігі мемлекеттік бағдарламасы аясында «субсидиялау» құралы бойынша мемлекеттік қолдауға ие болды.


Нұр-Сұлтан қ. ШОК белсенді субъектілерінің жалпы тіркелген ШОКС санындағы үлесі




Тіркелген ШОК субъектілерінің экономикалық қызмет түрлері бойынша құрылымы




Нұр-Сұлтан қ. ШОК-те жұмыспен қамтылғандардың жалпы жұмыспен қамтылғандар санындағы үлесі




Нұр-Сұлтан қ. ШОК және өнім шығаруы мен ӨЖӨ динамикасы



Нұр-Сұлтан қ. шағын кәсіпорындары төлеген КТС динамикасы



Нұр-Сұлтан қ. экономикаға және шағын кәсіпкерлікке кредиттер бойынша ЕДБ қарыз портфелі



НҰР-СҰЛТАН Қ. «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

КРЕДИТТЕУ

	Саны	Кредиттер сомасы
2018	441	23 495 млн теңге
2019	292	16 394 млн теңге

СУБСИДИЯЛАУ

	Қолдау көрсетілді	Кредиттер сомасы	Субсидиялар сомасы
2018	133	23 761 млн теңге	4 842 млн теңге
2019	187	28 270 млн теңге	3 780 млн теңге

КЕПІЛДІК БЕРУ

	Қолдау көрсетілді	Кредиттер сомасы	Кепілдіктер сомасы
2018	96	5 966 млн теңге	1 898 млн теңге
2019	125	7 631 млн теңге	2 448 млн теңге

КЕҢЕС БЕРУ

	Консультациялар саны	Сүйемелдеулер саны
2018	747	413
2019	2 823	540

3.2 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

**1854 ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛДЫ. 1929 Жылдан
1997 жылға дейін – ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АСТАНАСЫ**



* 01.01.2020 ж.


2019 жылдың ішіндегі Алматы қаласының ШОК секторындағы негізгі өзгерістер:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 1,0%, әрекеттегі ШОК субъектілерінің саны 9,0% көбейді. Сондай-ақ олардың үлесі 63,6%-дан 68,5%-ға дейін өсті.
- Салалық құрылымда қызмет көрсету субъектілері (38,0%), сауда субъектілері (35,0%) және көлік пен байланыс субъектілері (8,0%) басым.
- ШОК-те жұмыспен қамтылған халық саны 7,0% көбейді. Жалпы жұмыспен қамтылғандар санындағы ШОК-те жұмыс істейтіндердің саны 63,6%-дан 67,9%-ға дейін көбейді.
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырылатын бағамен) 11,2% дейін өсті. ӨЖӨ құрамындағы ШОК ЖҚҚ үлесі 39,5%-дан 40,5%-ға дейін жоғарылады.
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығындары 78%-ға дейін көбейді. Олардың барлық кәсіпорындардың жалпы шығындарындағы үлесі 56,4%-дан 62,6%-ға дейін жоғарылады.
- Шағын кәсіпкерлікке кредиттер портфелі 4,1% төмендеді. Оның экономикаға кредиттердің жалпы портфеліндегі үлесі 18,2%-дан 16,5%-ға төмендеді.




Алматы қаласындағы шағын және орта кәсіпкерлік.
«Адалплэнт» ЖШС. Қатты сабын өндіру жобасы. Компания «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша субсидиялау құралы бойынша қолдауға ие болды


Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Алматы қ. ШОК белсенді субъектілерінің үлесі




Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің құрылымы




Жалпы жұмыспен қамтылғандар санындағы Алматы қ. ШОК-де жұмыс істейтіндердің үлесі




Алматы қ. ШОКС өнім шығаруы мен ӨЖӨ динамикасы



Алматы қ. шағын кәсіпорындарының төлеген КТС динамикасы



Алматы қ. экономикаға және шағын кәсіпкерлікке кредиттер бойынша ЕДБ қарыз портфелі



АЛМАТЫ Қ. «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

КРЕДИТТЕУ

	Саны	Кредиттер сомасы
2018	984	43 889 млн теңге
2019	441	33 179 млн теңге

СУБСИДИЯЛАУ

	Қолдау көрсетілді	Кредиттер сомасы	Субсидиялар сомасы
2018	104	39 394 млн теңге	5 771 млн теңге
2019	149	47 139 млн теңге	6 409 млн теңге

КЕПІЛДІК БЕРУ

	Қолдау көрсетілді	Кредиттер сомасы	Кепілдіктер сомасы
2018	70	4 661 млн теңге	1 751 млн теңге
2019	118	7 123 млн теңге	2 118 млн теңге

КЕҢЕС БЕРУ

	Консультациялар саны	Сүйемелдеулер саны
2018	2 827	481
2019	3 130	484

3.3 ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

12-ШІ ҒАСЫРДА ҚҰРЫЛДЫ



* 01.01.2020 ж.


2019 жылдың ішіндегі Шымкент қаласының ШОК секторының негізгі өзгерістер:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 11,6% өсті, әрекеттегі ШОК субъектілерінің саны 19,6% жоғарылады. Олардың үлесі 81,0%-дан 86,8%-ға дейін артты.
- Салалық құрылымда сауда субъектілері (38,0%), қызмет көрсету субъектілері (35,0%) және ауыл шаруашылығы субъектілері (6,0%) басым.
- ШОК-те жұмыс істейтін халық саны 11,3% өсті. Жалпы жұмыспен қамтылған санындағы ШОК-те жұмыс істейтіндердің үлесі 6,3%-дан 11,3%-ға дейін жоғарылады.
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағамен) 14,9% артты. ӨЖӨ құрамындағы ШОК ЖҚҚ үлесі 25,6%-дан 31,2%-ға дейін жоғарылады.
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығындары 5,2% көбейді. Барлық кәсіпорындардың КТС бойынша жалпы шығындарындағы үлесі 18,7%-дан 15,9%-ға дейін азайды.
- Шағын кәсіпкерлікке кредиттер порфелі 8,1% азайды. Оның экономикаға кредиттердің жалпы портфеліндегі үлесі 15,9%-дан 13,7%-ға дейін төмендеді.




Шымкент қаласындағы шағын және орта кәсіпкерлік.
«LuxShoes» БК» ЖШС. Табиғи былғарыдан жасалған аяқ киім өндіру фабрикасы.
Компания «Қарапайым заттар экономикасы» басым жобаларға кредит беру мемлекеттік бағдарламасы бойынша қолдауға ие болды.


Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Шымкент қ. ШОК белсенді субъектілерінің үлесі




Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің құрылымы




Жалпы жұмыспен қамтылғандар санындағы Шымкент қ. ШОК-де жұмыс істейтіндердің үлесі




Шымкент қ. ШОКС және өнім шығаруы мен ӨЖӨ динамикасы



Шымкент қ.* шағын кәсіпорындарының төлеген КТС динамикасы



Шымкент қ. экономикаға және шағын кәсіпкерлікке кредиттер бойынша ЕДБ қарыз портфелі



* Шымкент қ. және Түркістан облысы

ШЫМКЕНТ Қ. «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

КРЕДИТТЕУ

	Саны	Кредиттер сомасы
2018	1 248	8 480 млн теңге
2019	1 363	18 392 млн теңге

СУБСИДИЯЛАУ

	Қолдау көрсетілді	Кредиттер сомасы	Субсидиялар сомасы
2018	20	7 879 млн теңге	322 млн теңге
2019	73	14 992 млн теңге	2 155 млн теңге

КЕПІЛДІК БЕРУ

	Қолдау көрсетілді	Кредиттер сомасы	Кепілдіктер сомасы
2018	23	1 208 млн теңге	391 млн теңге
2019	27	2 015 млн теңге	765 млн теңге

КЕҢЕС БЕРУ

	Консультациялар саны	Сүйемелдеулер саны
2018	1 853	352
2019	1 440	299

3.4 АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

1939 ЖЫЛЫ 14 ҚАЗАНДА ҚҰРЫЛДЫ



* 01.01.2020 ж.


2019 жылдың ішіндегі Ақмола облысының ШОК секторындағы негізгі өзгерістер:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 2,6 % азайды, ал әрекеттегі ШОК субъектілерінің саны керісінше 3,1 % көбейді. Олардың үлесі 79,0%-дан 83,5%-ға дейін жоғарылады.
- Салалық құрылымда сауда субъектілері (37,0%), қызмет көрсету субъектілері (25,0%) және ауыл шаруашылығы субъектілері (17,0%) басым.
- ШОК-те жұмыспен қамтылған халық саны 1,7%-ға азайды. Жалпы жұмыспен қамтылғандардың құрамындағы ШОК-те жұмыс істейтіндердің үлесі 32,3%-дан 31,8%-ға дейін төмендеді.
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырылатын бағамен) өзгерген жоқ және бұрынғы деңгейінде қалды. ӨЖӨ құрамындағы ШОК ЖҚҚ үлесі 27,6%-дан 28,5%-ға дейін жоғарылады.
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығындары 391,6% артты. Олардың барлық кәсіпорындардың КТС бойынша жалпы шығындарындағы үлесі 8,0%-дан 22,9%-ға дейін жоғарылады.
- Шағын кәсіпкерлікке кредиттер портфелі 37,5% азайды. Оның экономикаға кредиттердің жалпы портфельдегі үлесі 30,8%-дан 20,9%-ға дейін төмендеді.




Ақмола облысындағы шағын және орта кәсіпкерлік.
«M. GES» ЖШС. Балаларға арналған стоматологиялық қызмет көрсету жобасы.
Компания «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы мен «Көкшетау-бизнес» өңірлік бағдарламасы аясында қолдауға ие болды.


Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Ақмола облысындағы ШОК белсенді субъектілерінің үлесі




Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің құрылымы




Жалпы жұмыспен қамтылғандар санындағы Ақмола облысындағы ШОК-де жұмыс істейтіндердің үлесі




Ақмола облысындағы ШОКС және өнім шығаруы мен ӨЖӨ динамикасы



Ақмола облысындағы шағын кәсіпорындарының төлеген КТС динамикасы



Ақмола облысындағы экономикаға және шағын кәсіпкерлікке кредиттер бойынша ЕДБ қарыз портфелі



АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

КРЕДИТТЕУ

	Саны	Кредиттер сомасы
2018	364	9 882 млн теңге
2019	301	8 076 млн теңге

СУБСИДИЯЛАУ

	Қолдау көрсетілді	Кредиттер сомасы	Субсидиялар сомасы
2018	82	12 392 млн теңге	2 189 млн теңге
2019	120	10 973 млн теңге	1 986 млн теңге

КЕПІЛДІК БЕРУ

	Қолдау көрсетілді	Кредиттер сомасы	Кепілдіктер сомасы
2018	62	2 375 млн теңге	1 001 млн теңге
2019	87	3 397 млн теңге	1 124 млн теңге

КЕҢЕС БЕРУ

	Консультациялар саны	Сүйемелдеулер саны
2018	433	363
2019	1 496	327

3.5 АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

1932 ЖЫЛЫ 10 НАУРЫЗДА ҚҰРЫЛДЫ



* 01.01.2020 ж.


2019 жылдың ішіндегі Ақтөбе облысының ШОК секторындағы негізгі өзгерістер:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 4,3% жоғарылады, әрекеттегі ШОК субъектілерінің саны 8,6% көбейді. Олардың үлесі 82,7%-дан 86,1%-ға дейін артты.
- Салалық құрылымда сауда субъектілері (35,0%), қызмет көрсету субъектілері (35,0%) және ауыл шаруашылығы субъектілері (12,0%) басым.
- ШОК-те жұмыс істейтін халық саны 7,4% жоғарылады. Жалпы жұмыспен қамтылған санындағы ШОК-те жұмыс істейтіндердің үлесі 33,3%-дан 35,8%-ға дейін өсті.
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағамен) 0,8% жоғарылады. ӨЖӨ құрамындағы ШОК ЖҚҚ үлесі 19,7%-дан 20,5%-ға дейін артты.
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығындары 59,2% азайды. Барлық кәсіпорындардың КТС бойынша жалпы шығындарындағы үлесі 11,2%-дан 4,3%-ға дейін төмендеді.
- Шағын кәсіпкерлікке кредиттер портфелі 6,9% азайды. Оның экономикаға кредиттердің жалпы портфеліндегі үлесі 18,1%-дан 14,6%-ға дейін төмендеді.




Ақтөбе облысындағы шағын және орта кәсіпкерлік.
ЖК «Иркиналинова З.Е.». Аспаздық-кондитерлік өнімдерді өндіру жобасы.
Компания «БЖК-2020» аясында субсидиялау мен кепілдендіру құралдары бойынша қолдауға ие болды.


Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Ақтөбе облысындағы ШОК белсенді субъектілерінің үлесі




Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің құрылымы




Жалпы жұмыспен қамтылғандар санындағы Ақтөбе облысындағы ШОК-де жұмыс істейтіндердің үлесі




Ақтөбе облысындағы ШОКС және өнім шығаруы мен ӨЖӨ динамикасы



Ақтөбе облысындағы шағын кәсіпорындарының төлеген КТС динамикасы



Ақтөбе облысындағы экономикаға және шағын кәсіпкерлікке кредиттер бойынша ЕДБ қарыз портфелі



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

КРЕДИТТЕУ

	Саны	Кредиттер сомасы
2018	496	11 758 млн теңге
2019	371	10 084 млн теңге

СУБСИДИЯЛАУ

	Қолдау көрсетілді	Кредиттер сомасы	Субсидиялар сомасы
2018	101	6 925 млн теңге	1 905 млн теңге
2019	232	16 014 млн теңге	1 792 млн теңге

КЕПІЛДІК БЕРУ

	Қолдау көрсетілді	Кредиттер сомасы	Кепілдіктер сомасы
2018	107	4 413 млн теңге	1 585 млн теңге
2019	143	5 661 млн теңге	2 523 млн теңге

КЕҢЕС БЕРУ

	Консультациялар саны	Сүйемелдеулер саны
2018	1 246	446
2019	2 406	548

3.6 АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

1932 ЖЫЛЫ 10 НАУРЫЗДА ҚҰРЫЛДЫ



* 01.01.2020 ж.


2019 жылдың ішіндегі Алматы облысының ШОК секторындағы негізгі өзгерістер:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны өзгерген жоқ деуге болады, себебі ол бар болғаны 1,0% артқан. Әрекеттегі ШОК субъектілерінің саны 5,8% көбейді. Олардың үлесі 81,4%-дан 85,2%-ға дейін жоғарылады.
- Салалық құрылымда ауыл шаруашылығы субъектілері (36,0%), сауда субъектілері (27,0%) және қызмет көрсету субъектілері (22,0%) басым.
- ШОК-те жұмыс істейтін халық саны 4,1% жоғарылады. Жалпы жұмыспен қамтылған санындағы ШОК-те жұмыс істейтіндердің үлесі 25,0%-дан 26,1%-ға дейін өсті.
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағамен) 7,0% көбейді. ӨЖӨ құрамындағы ШОК ЖҚҚ үлесі 27,3%-дан 32,5%-ға дейін жоғарылады.
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығындары 6,2% артты. Олардың барлық кәсіпорындардың КТС бойынша жалпы шығындарындағы үлесі аздап, анығын айтқанда 19,7%-дан 19,5%-ға дейін азайған.
- Шағын кәсіпкерлікке кредиттер портфелі 15,2% төмендеді. Оның экономикаға кредиттердің жалпы портфеліндегі үлесі, сондай-ақ 11,3%-дан 7,5%-ға дейін төмендеді.




Алматы облысындағы шағын және орта кәсіпкерлік.
«Жаркент-Арасан» медициналық сауықтыру кешені» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Шипажайлық-курорттық кешенде емдеу-сауықтыру қызметтерін көрсету жобасы. Компания «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында субсидиялау құралы бойынша мемлекеттік қолдауға ие болды.

Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Алматы облысындағы ШОК белсенді субъектілерінің үлесі




■ Тіркелген ШОКС, мың бірл. ■ Әрекеттегі ШОКС, мың бірл.
 — Тіркелген ШОКС ішіндегі әрекеттегі ШОКС үлесі, %

Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің құрылымы




Жалпы жұмыспен қамтылғандар санындағы Алматы облысындағы ШОК-де жұмыс істейтіндердің үлесі




■ Жалпы жұмысбастылық, мың ад. ■ ШОК-те жұмыспен қамтылғандар, мың ад.
 — ШОК-те жұмыспен қамтылғандардың үлесі, %

Алматы облысындағы ШОКС және өнім шығаруы мен ӨЖӨ динамикасы




■ ӨЖӨ, млрд теңге ■ ШОК өнім шығаруы, млрд теңге
 — ӨЖӨ-гі ШОК ЖҚҚ үлесі, %

Алматы облысындағы шағын кәсіпорындарының төлеген КТС динамикасы



■ Барлық кәсіпорындардың КТС, млрд теңге ■ Шағын кәсіпорындардың КТС, млрд теңге
 — Жалпы КТС бойынша түсімдердегі шағын кәсіпорындардың КТС үлесі, %

Алматы облысындағы экономикаға және шағын кәсіпкерлікке кредиттер бойынша ЕДБ қарыз портфелі



■ Экономикаға кредиттер портфелі, млрд теңге ■ Шағын кәсіпкерлікке кредиттер портфелі, млрд теңге
 — Шағын кәсіпкерлікке кредиттердің үлесі, %

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

КРЕДИТТЕУ

	Саны	Кредиттер сомасы
2018	3 071	14 262 млн теңге
2019	2 948	15 327 млн теңге

СУБСИДИЯЛАУ

	Қолдау көрсетілді	Кредиттер сомасы	Субсидиялар сомасы
2018	146	11 934 млн теңге	1 996 млн теңге
2019	116	9 435 млн теңге	2 412 млн теңге

КЕПІЛДІК БЕРУ

	Қолдау көрсетілді	Кредиттер сомасы	Кепілдіктер сомасы
2018	65	2 684 млн теңге	1 088 млн теңге
2019	102	4 586 млн теңге	1 378 млн теңге

КЕҢЕС БЕРУ

	Консультациялар саны	Сүйемелдеулер саны
2018	1 960	315
2019	1 534	326

3.7 АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

1938 ЖЫЛЫ 15 ҚАҢТАРДА ҚҰРЫЛДЫ

2019 жылдың ішіндегі Атырау облысының ШОК секторындағы негізгі өзгерістер:




* 01.01.2020 ж.

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны өзгерген жоқ деуге болады, өйткені ол бар болғаны 0,9% жоғарылаған. Әрекеттегі ШОК субъектілерінің саны 6,8% артты. Олардың үлесі 81,9%-дан 86,6%-ға дейін жоғарылады.
- Салалық құрылымда қызмет көрсету субъектілері (39,0%), сауда субъектілері (31,0%) және көлік пен байланыс субъектілері (10,0%) басым.
- ШОК-те жұмыс істейтін халық саны 4,0% жоғарылады. Жалпы жұмыспен қамтылғандардың құрамындағы ШОК-те жұмыс істейтіндердің үлесі 43,9%-дан 43,6%-ға дейін төмендеді.
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағамен) 25,5%. ӨЖӨ құрамындағы ШОК ЖҚҚ үлесі 18,7%-дан 22,2%-ға дейін жоғарылады.
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығындары 41,4% көбейді. Олардың барлық кәсіпорындардың КТС бойынша жалпы шығындарындағы үлесі 14,9%-дан 20,5%-ға дейін жоғарылады.
- Шағын кәсіпкерлікке кредиттер портфелі 3,7% азайды. Оның экономикаға кредиттердің жалпы портфеліндегі үлесі 11,4%-дан 9,5%-ға дейін төмендеді.




Атырау облысындағы шағын және орта кәсіпкерлік. ЖК «Бэби-Клуб». Мектепке дейінгі білім беру саласында қызметтер көрсету жобасы. Жеке кәсіпкер «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында кепілдендіру мен субсидиялау құралдары бойынша қолдауға ие болды.


Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Атырау облысындағы ШОК белсенді субъектілерінің үлесі




Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің құрылымы




Жалпы жұмыспен қамтылғандар санындағы Атырау облысындағы ШОК-де жұмыс істейтіндердің үлесі




Атырау облысындағы ШОКС және өнім шығаруы мен ӨЖӨ динамикасы



Атырау облысындағы шағын кәсіпорындарының төлеген КТС динамикасы



Атырау облысындағы экономикаға және шағын кәсіпкерлікке кредиттер бойынша ЕДБ қарыз портфелі



АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

КРЕДИТТЕУ

	Саны	Кредиттер сомасы
2018	143	11 189 млн теңге
2019	105	4 929 млн теңге

СУБСИДИЯЛАУ

	Қолдау көрсетілді	Кредиттер сомасы	Субсидиялар сомасы
2018	164	21 755 млн теңге	2 214 млн теңге
2019	186	22 826 млн теңге	2 469 млн теңге

КЕПІЛДІК БЕРУ

	Қолдау көрсетілді	Кредиттер сомасы	Кепілдіктер сомасы
2018	110	3 622 млн теңге	1 526 млн теңге
2019	103	2 722 млн теңге	1 280 млн теңге

КЕҢЕС БЕРУ

	Консультациялар саны	Сүйемелдеулер саны
2018	1 710	499
2019	1 879	279

3.8 ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

1932 ЖЫЛЫ 10 НАУРЫЗДА ҚҰРЫЛДЫ



* 01.01.2020 ж.


2019 жылдың ішіндегі Шығыс Қазақстан облысының ШОК секторындағы негізгі өзгерістер:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 5,6% азайды. Әрекеттегі ШОК субъектілерінің саны 1,4% өсті. Олардың үлесі 79,0%-дан 84,9%-ға дейін жоғарылады.
- Салалық құрылымда сауда субъектілері (36,0%), қызмет көрсету субъектілері (25,0%) және ауыл шаруашылығы субъектілері (18,0%) басым.
- ШОК-те жұмыс істейтін халық саны 1,3% жоғарылады. Жалпы жұмыспен қамтылған санындағы ШОК-те жұмыс істейтіндердің үлесі 33,8%-дан 34,1%-ға дейін өсті.
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағамен) 14,3% жоғарылады. ӨЖӨ құрамындағы ШОК ЖҚҚ үлесі 16,5%-дан 19,0%-ға дейін өсті.
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығындары 23,2% жоғарылады. Олардың барлық кәсіпорындардың КТС бойынша жалпы шығындарындағы үлесі 6,9%-дан 9,6%-ға дейін артты.
- Шағын кәсіпкерлік бойынша кредиттер портфелі 8,6% азайды. Оның экономикаға кредиттердің жалпы портфеліндегі үлесі 16,0%-дан 12,6%-ға дейін төмендеді.




Шығыс Қазақстан облысындағы шағын және орта кәсіпкерлік. «СемейОфтум» ЖШС. Медициналық қызметті кеңейту жобасы. Компания офтальмологиялық қызметтермен айналысады. «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында субсидиялау мен кепілдендіру бойынша қолдау көрсетілді.


Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Шығыс Қазақстан облысындағы ШОК белсенді субъектілерінің үлесі




Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің құрылымы




Жалпы жұмыспен қамтылғандар санындағы Шығыс Қазақстан облысындағы ШОК-де жұмыс істейтіндердің үлесі




Шығыс Қазақстан облысындағы ШОКС және өнім шығаруы мен ӨЖӨ динамикасы



Шығыс Қазақстан облысындағы шағын кәсіпорындарының төлеген КТС динамикасы



Шығыс Қазақстан облысындағы экономикаға және шағын кәсіпкерлікке кредиттер бойынша ЕДБ қарыз портфелі



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

КРЕДИТТЕУ

	Саны	Кредиттер сомасы
2018	774	22 158 млн теңге
2019	584	18 620 млн теңге

СУБСИДИЯЛАУ

	Қолдау көрсетілді	Кредиттер сомасы	Субсидиялар сомасы
2018	115	7 348 млн теңге	2 016 млн теңге
2019	175	10 075 млн теңге	1 595 млн теңге

КЕПІЛДІК БЕРУ

	Қолдау көрсетілді	Кредиттер сомасы	Кепілдіктер сомасы
2018	75	2 140 млн теңге	771 млн теңге
2019	120	4 531 млн теңге	1 687 млн теңге

КЕҢЕС БЕРУ

	Консультациялар саны	Сүйемелдеулер саны
2018	909	574
2019	3 323	622

3.9 ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

1939 ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛДЫ



* 01.01.2020 ж.


2019 жылдың ішіндегі Жамбыл облысының ШОК секторындағы негізгі өзгерістер:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 5,9% артты. Әрекеттегі ШОК субъектілерінің саны 10,6% жоғарылады. Олардың үлесі 79,1%-дан 82,6%-ға дейін көбейді.
- Салалық құрылымда сауда субъектілері (32,0%), ауыл шаруашылығы субъектілері (31,0%) және қызмет көрсетулер субъектілері (21,0%) басым.
- ШОК-те жұмыспен қамтылған халық саны 6,7% жоғарылады. Жалпы жұмыспен қамтылғандардың құрамындағы ШОК-те жұмыс істейтіндердің үлесі 23,4%-дан 25,0%-ға дейін артты.
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағамен) 1,3% жоғарылады. ӨЖӨ құрамындағы ШОК ЖҚҚ үлесі 19,5%-дан 20,9%-ға дейін артты.
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығындары 10,1% азайды. Олардың барлық кәсіпорындардың КТС бойынша жалпы шығындарындағы үлесі 20,1%-дан 15,4%-ға дейін төмендеді.
- Шағын кәсіпкерлікке кредиттер портфелі 4,7% өсті. Оның экономикаға кредиттердің жалпы портфеліндегі үлесі 19,9%-дан 17,6%-ға дейін төмендеді.




Жамбыл облысындағы шағын және орта кәсіпкерлік. «SuperPharm» ЖШС. «Нәрия» сауда белгісімен тоқылмаған материалдан және таңу құралдарынан жасалған бір рет пайдалануға арналған медициналық киім мен сейсеп өндіру жобасы. Компания «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау және дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясында субсидиялау мен кепілдендіру құралы бойынша қолдауға ие болды.


Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Жамбыл облысындағы ШОК белсенді субъектілерінің үлесі




Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің құрылымы




Жамбыл облысындағы жалпы жұмыспен қамтылғандардың ішіндегі ШОК-те жұмыс істейтіндердің үлесі




Жамбыл облысындағы ШОКС және өнім шығаруы мен ӨЖӨ динамикасы



Жамбыл облысындағы шағын кәсіпорындарының төлеген КТС динамикасы



Жамбыл облысындағы экономикаға және шағын кәсіпкерлікке кредиттер бойынша ЕДБ қарыз портфелі



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

КРЕДИТТЕУ

	Саны	Кредиттер сомасы
2018	2 955	11 708 млн теңге
2019	3 975	12 492 млн теңге

СУБСИДИЯЛАУ

	Қолдау көрсетілді	Кредиттер сомасы	Субсидиялар сомасы
2018	48	2 154 млн теңге	1 842 млн теңге
2019	158	7 835 млн теңге	1215 млн теңге

КЕПІЛДІК БЕРУ

	Қолдау көрсетілді	Кредиттер сомасы	Кепілдіктер сомасы
2018	58	1 725 млн теңге	601 млн теңге
2019	96	3 679 млн теңге	1 338 млн теңге

КЕҢЕС БЕРУ

	Консультациялар саны	Сүйемелдеулер саны
2018	679	350
2019	2 314	455

3.10 БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

1932 ЖЫЛЫ 10 НАУРЫЗДА ҚҰРЫЛДЫ



* 01.01.2020 ж.


2019 жылдың ішіндегі Батыс Қазақстан облысының ШОК секторындағы негізгі өзгерістер:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 2,0% артты. Әрекеттегі ШОК субъектілерінің саны 6,8% өсті. Олардың үлесі 80,7%-дан 84,5%-ға дейін жоғарылады.
Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша ішінара кепілдік беру Мемлекеттік бағдарлама аясында жүзеге асырылады. Қор субсидиялау бойынша да, кепілдік беру бойынша да ҚР Ұлттық экономика министрлігіне қаржы агенті қызметтерін көрсетеді.

2020 жылдың 1 қаңтарына дейін 259 913 млн теңге сомасына 6 663 кредиттер бойынша кепілдіктер шартына қол қойылды, кепілдіктер сомасы 103 557 млн теңгені құрады. Соның ішінде 2019 жыл бойы 81 300 млн теңге сомасына 1 813 кредиттер бойынша кепілдіктер шарттары жасалды, кепілдіктер сомасы 30 174 млн теңгені құрады.

01.01.2020 жылға өңірлер бөлінісіндегі кепілдік беру бойынша жобалар саны, бірл.



01.01.2020 жылға өңірлер бөлінісіндегі кепілдік берілетін жобалар бойынша кредиттер сомасы, млн теңге




2020 жылдың 1 қаңтарына дейін өңірлік бөліністе ең көп кепілдік Ақтөбе облысының (539 жоба), Шығыс Қазақстан облысының (483 жоба), Нұр-Сұлтан қаласының (479 жоба) кәсіпкерлеріне берілді.


Кепілдіктер бойынша кредиттер сомасы жағынан Нұр-Сұлтан қаласы (26 685 млн теңге), Алматы қаласы (20 827 млн теңге) және Ақтөбе облысы (19 735 млн теңге) алдыңғы қатарда тұр.

Кепілдік беру бойынша қатысушылардың ұйымдық-құқықтық нысанының бөлінісінде шамамен 53% жоба (3 536 жоба) жеке кәсіпкерлермен 43% жоба (2 912 жоба) – ЖШС нысанындағы кәсіпорындармен жасалды.

01.01.2020 жылға қатысушылардың ұйымдық-құқықтық нысандары бөлінісіндегі кепілдік беру бойынша жобалар саны, бірл.



01.01.2020 жылға қатысушылардың ұйымдық-құқықтық нысандары бөлінісіндегі кепілдік берілетін жобалар бойынша кредиттер сомасы, млн теңге



Кепілдік берілетін жобалар бойынша кредиттер сомасы жағынан ЖШС нысанындағы кәсіпорындарға берілген жобалар алдыңғы позицияға шықты.

Экономика салалары бойынша кепілдік берілетін жобалардың салалық бөлінісінде өңдеуші өнеркәсіп (107 143 млн теңге кредиттер сомасына 2 215 жоба) және сауда (31 860 млн теңге кредиттер сомасына 1 296 жоба) жобалары алдыңғы қатарда тұр.

01.01.2020 жылға экономикалық қызмет түрлері бөлінісіндегі кепілдік берілетін жобалар бойынша кредиттер саны, бірл.




01.01.2020 жылға экономикалық қызмет түрлері бөлінісіндегі кепілдік берілетін жобалар бойынша кредиттер сомасы, млн теңге




Сонымен бірге, соңғы 6 жылдың ішінде Кепілдік беру бойынша бағдарламаға белсенділігі ең төмен қатысушылар «Ақпарат және байланыс» саласында байқалды.

01.01.2020 жылға қаржы институттары бөлінісіндегі кепілдік беру бойынша жобалар саны, бірл.



01.01.2020 жылға қаржы институттары бөлінісіндегі кепілдік берілетін жобалар бойынша кредиттер сомасы, млн теңге




Қаржы институттары бөлінісінде кредиттерге кепілдік беру бойынша алдыңғы позицияларға «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (55 118 млн теңге кредиттер сомасына 1 591 жоба), «Сбербанк» АҚ ЕБ (50 145 млн теңге кредиттер сомасына 1 314 жоба) және «Банк ЦентрКредит» АҚ (40 571 млн теңге кредиттер сомасына 1 254 жоба) шықты.


Әйел-кәсіпкерлердің қатысу статистикасы

Мемлекеттік бағдарлама аясында әйел-кәсіпкерлердің 2 128 жобасы 66 771 млн теңге сомасына кредиттер бойынша кепілдік алды, кепілдіктер сомасы 27 399 млн теңгені құрады.

01.01.2020 жылға өңірлер бөлінісіндегі әйел-кәсіпкерлерге кепілдік беру шарттарының саны, бірл.



01.01.2020 жылға өңірлер бөлінісіндегі әйел-кәсіпкерлерге қол қойылған кепілдік беру шарттары бойынша кредиттер сомасы, млн теңге



Өңірлік бөліністе ең көп кепілдіктер санына Ақтөбе, Атырау облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында қол қойылды. Қол қойылған әйел-кәсіпкерлерге кепілдік беру шарттары бойынша ең көп кредиттер сомасы Нұр-Сұлтан қаласында, Маңғыстау және Атырау облыстарында байқалды.

01.01.2020 жылға салалар бөлінісіндегі әйел-кәсіпкерлерге кепілдік беру шарттарының саны, бірл.




01.01.2020 жылға салалар бөлінісіндегі әйел-кәсіпкерлерге қол қойылған кепілдік беру шарттары бойынша кредиттер сомасы, млн теңге




Салалық бөліністе әйелдер негізінен сауда, өңдеуші өнеркәсіп, көлік және қоймалау саласында кепілдік алған. Қол қойылған әйелдерге кепілдік беру шарттары бойынша кредиттік портфель сомасы жағынан өңдеуші өнеркәсіп, сауда және денсаулық сақтау жобалары басым.

01.01.2020 жылға қаржы институттары бөлінісіндегі әйел-кәсіпкерлерге кепілдік беру шарттарының саны, бірл.



01.01.2020 жылға қаржы институттары бөлінісіндегі әйел-кәсіпкерлерге қол қойылған кепілдік беру шарттары бойынша кредиттер сомасы, млн теңге




Қаржы институттары бөлінісінде әйелдерге берілген кепілдіктер саны және сомасы бойынша ең белсенді болған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сбербанк» АҚ ЕБ болды.

Жас кәсіпкерлердің қатысу статистикасы


Мемлекеттік бағдарлама аясында кепілдіктерді 11 808 млн теңге сомасына кредиттер бойынша 29 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлердің 973 жобасы кепілдік алды, кепілдіктер сомасы 8 014 млн теңгені құрады.

Өңірлік бөліністе жас кәсіпкерлерге кепілдік беру шарттарының ең көп саны Атырау, Ақтөбе облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында жасалды. Қол қойылған жастарға кепілдік беру шарттары бойынша ең көп кредиттер саны Атырау, Ақтөбе облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында байқалды.

01.01.2020 жылға өңірлер бөлінісіндегі жас кәсіпкерлерге кепілдік беру шарттарының саны, бірл.



01.01.2020 жылға өңірлер бөлінісіндегі жас кәсіпкерлерге қол қойылған кепілдік беру шарттары бойынша кредиттер сомасы, млн теңге



Қол қойылған жас кәсіпкерлерге кепілдік беру шарттарының ішінде ең жоғары үлес өңдеуші өнеркәсіп, көлік және қоймалау саласындағы жобаларға тиесілі.

01.01.2020 жылға салалар бөлінісіндегі жас кәсіпкерлерге кепілдік беру шарттарының саны, бірл.




01.01.2020 жылға салалар бөлінісіндегі қол қойылған жас кәсіпкерлерге кепілдік беру шарттары бойынша кредиттер сомасы, млн теңге




Қаржы институттары бөлінісінде жас кәсіпкерлерге кепілдік беру шарттарының ең көп санына «Сбербанк» АҚ ЕБ, «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қол қойды. Қол қойылған жастарға кепілдік беру шарттары бойынша кредиттік портфель сомасы жағынан «Сбербанк» АҚ ЕБ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ алдыңғы қатарда тұр.

01.01.2020 жылға қаржы институттары бөлінісіндегі жас кәсіпкерлерге кепілдік беру шарттарының саны, бірл.



01.01.2020 жылға қаржы институттары бөлінісіндегі қол қойылған жас кәсіпкерлерге кепілдік беру шарттары бойынша кредиттер сомасы, млн теңге



4.4. КЛИЕНТТІК СЕРВИС

Қаржылық қолдау бағдарламаларымен қатар 2019 жылы Қор кәсіпкерлерді оқыту және консультациялық қолдау бағдарламаларын іске асыру бойынша жұмысын жалғастырды.

2019 жылы «Кәсіпкерлікті дамытуды қашықтан қолдау» жобасының аясында edu.damu.kz веб-платформасының негізінде 7 972 адам оқудан өтті.

Есептік кезеңнің соңына қарай «ДКБ-2020» аясында іске асырылатын «ШОК топ-менеджментін оқыту» компонентінің аясында тыңдаушылар саны 3 381 кәсіпкерді құрады, соның ішінде 2019 жылы 432 адам оқудан өтті.

2019 жылдың ішінде Өңірлік филиалдар 28 227 клиентке қызмет көрсетті, оларға 36 137 консультация берілді.

Сүйемелденген жобалар тұрғысында Қордың өңірлік филиалдары 2019 жылдың қорытындылары бойынша Қор құралдары бойынша қаржылық қолдауға ие болуға жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін ЕДБ / ЛК / МҚҰ мақұлдағанға дейін 6 479 жоба сүйемелденді.

2019 жылы Қор «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы құрған/құратын бизнеске мемлекеттік қызмет көрсету бойынша инфрақұрылымдық кешеннің атауына жол бермеу және клиенттерді Қор іске асыратын кәсіпкерлерді қолдау бағдарламаларына тарту бойынша жұмысты күшейту үшін Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарының жұмысын қайта форматтау бойынша жұмыс жүргізді. 2019 жылдың қарашасынан бастап Қор «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» атауынан толығымен бас тартты.

Сонымен бірге, Қор іске асыратын бағдарламалар бойынша қаржыландыруға өтінімдер ЕДБ-де, МҚҰ-да және/немесе ЛК-да мақұлданғанға дейін жеке кәсіпкерлік субъектілерін тарту және олардың жобаларын сүйемелдеу бойынша жұмыс күшейтілді. 2019 жылы ЕДБ, МҚҰ және/немесе ЛК мақұлдағанға дейін 6 479 жоба сүйемелденді.

2019 жылы қызмет көрсету сапасына бақылау жүргізуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар, одан әрі жетілдіру үшін кері байланысты қамтамасыз ететін қызмет көрсету сапасын бағалаудың жаңа тәсілдері енгізілді.

Мысалға, Қордың damu.kz корпоративтік сайтында «Менеджерлер» жаңа бөлімі әзірленді және орналастырылды. Бұл бөлімде жұмылдыру жөніндегі әрекеттегі менеджерлер туралы

ақпарат олардың фотосуреттерімен бірге орналастырылған. Әр менеджердің өз сәйкестендіру нөмірі бар. Сондай-ақ бұл бөлімде жұмылдыру жөніндегі менеджерге баға беру, ол туралы пікір қалдыру мүмкіндігі бар. Берілген бағалар мен пікірлердің негізінде Қазақстан бойынша менеджерлердің рейтингісі қалыптастырылады. Бұл шара клиенттерден кері байланыс алуға, қызметтік жағдайды теріс пайдалану және алаяқтық жағдайларын анықтауға мүмкіндік береді.

Көрсетілген қызметтер бойынша клиенттерді қанағаттанушылық деңгейін жеке бағалауға мүмкіндік беретін SMS-бағалау енгізілген.

Осылайша, Қор көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту бойынша жұмысын жалғастыруда және ол үшін офлайн және онлайн арналарын іске қосуда.

4.4.1. Бизнесі жүргізуді сервистік қолдау және ШОК топ-менеджментін оқыту бойынша қызметтер мониторингі

Қор «ДКБ-2020» аясында «Шағын және орта кәсіпкерлік топ-менеджментін оқыту» компонентінің мониторингі және «Әрекеттегі кәсіпкерлік қызметті жүргізуге сервистік қолдау көрсету» құралы бойынша жұмысын жалғастыруда.

2019 жылы ШОК топ-менеджментін оқытудың аясында оқудан өткен қатысушылардың саны 432 адамды құрады. Сервистік қолдау қызметтеріне 51 303 қызметке ие болған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері жүгінді.

4.4.2. Отандық кәсіпкерлікті сапалы дамыту үшін жағдай жасау

Бизнес-портал қызметтері

2013 жылдың желтоқсанынан бастап Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша құрылған «Бизнес аумағы» Қазақстан кәсіпкерлеріне арналған бизнес-портал (business.gov.kz) жұмыс істеп келе жатыр. Бизнес-портал – Қазақстан кәсіпкерлеріне арналған бірыңғай ақпараттық алаң. Оның аясында бизнес саласындағы кез келген – жай қызығушылықтан бастап кәсіби көмекке дейін ақпараттық сұраным деңгейін қанағаттандыруға қабілетті ең үздік ақпараттық ресурстар біріктірілген. Бизнес-порталда кәсіпкерлікті қолдаудың барлық шаралары туралы ақпарат, жаңалықтар мен аналитикалық мақалалар, оқыту материалдары мен кейстер, маркетингтік зерттеулер мен шолулар, жоспарлар және мемлекеттік ұйымдар мен ұлттық компаниялардың

сатып алулары туралы хабарландырулар және т. б. қолжетімді форматта берілген.

2019 жылдың ішінде бизнес-портал мынандай нәтижелерге жетті: қарау саны – 4 253 128, кірушілер саны – 1 124 777, онлайн-консультациялар саны – 3 108 бірл.

Call-центр

Сонымен қатар, Қордың Байланыс Орталығы – кәсіпкерлер мен жеке тұлғалардың өтініштерін өңдеу, және оларды Қор мүддесінде әртүрлі байланыс арналары бойынша ақпараттандыру орталығы өз жұмысын жалғастырып келеді.

2019 жылы Байланыс Орталығының қызметкерлері 73 843 клиентке консультация берді, оның ішінде 52 842 (71,5%) жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылады. BPM жүйесінде 46 637 адам тіркелді. Жіберіп алынған қоңыраулар – 1,3% құрады.

Қашықтан оқыту

«Кәсіпкерлікті дамытуды қашықтан қолдау» Жобасының аясында қашықтан оқыту кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға және Қазақстан өңірлерінде халықтың кәсіпкерлік құзыреттерін арттыруға бағытталған.

Жаңадан бастап келе жатқан кәсіпкерлерді қашықтан оқытудың мақсаты әлеуетті кәсіпкерлер өз ісін ашу мүмкіндіктеріне қызығушылық таныту үшін кәсіпкерлік негіздері бойынша қажетті білім беру және бизнесті жүргізуге машықтандыру болып табылады.

Әрекеттегі кәсіпкерлерді қашықтан оқытудың мақсаты бизнесті жүргізу бойынша білімді тереңдету және практикалық дағдыларды, соның ішінде сату көлемдерін арттыру, қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелерін қадағалау және жобаларды басқару бойынша дағдыларды кеңейту, сондай-ақ сату бөлімінің жұмысын құру және басқару бойынша дағдыларды жетілдіру және жақсарту болып табылады.

Қашықтан оқыту барлық білім алушыларға жалғыз шарт орындалған жағдайда – интернет бар болған жағдайда білім алушының орналасқан жеріне қарамастан, өз кәсібі деңгейін үздіксіз арттыру мүмкіндігін береді. Осы оқудың барысында кәсіпкерлер оқу-әдістемелік материалдарды интерактивті режимді өз бетінше меңгереді, практикалық тапсырмаларды орындауды, тестілеуден өтеді. Тестілеуді сәтті тапсырған жағдайда білім алушыға оқудан өткені туралы сертификат беріледі.

Барлығы мемлекеттік және орыс тілдеріндегі 7 тақырыптама-лық курс орналастырылды.

2019 жылдың ішінде осы жоба бойынша 7 972 адам оқудан өтті, бұл былтырғы жылға қарағанда 11% артық.

4.4. 3. Кәсіпкерлікті дамытуды қолдау

«ULTTYQ ÓNIM 2019» қазақстандық өндірушілер көрмесі

2015 жылдан бері «Даму» Қоры жыл сайын «ULTTYQ ÓNIM» мемлекеттік қолдауға ие болған қазақстандық тауар өндірушілердің көрмесін (бұдан әрі – Көрме) өткізеді. Көрме халық арасында қазақстандық өндірушілердің тауарларды дәріптеу және жеке кәсіпкерлік субъектілеріне «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ көрсететін мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпаратты жеткізу арналарының бірі болып табылады.

Жыл сайын мемлекеттік қолдауға ие болған 2015 жылғы 80 компаниядан 2019 жылғы 475 компанияға дейін Көрмеге қатысушылар саны да, 2019 жылы 13 000 адамнан асқан кірушілер саны да артуда.

Көрме аясында бизнесті дамыту және сатылымдарды көбейту бойынша тегін мастер-кластар өткізіледі, дегустациялар, конкурстар, сән көрсетілімдері өткізіледі. Жеке кәсіпкерліктің әлеуетті және әрекеттегі субъектілері үшін мемлекеттік қолдау шаралары бойынша консультация беру үшін дамыту институттарының стендтері ұйымдастырылады.

Компаниялар үшін көрмеге қатысу тегін, көрмені ұйымдастыру және жүргізу бойынша шығындарды ұйымдастырушылар көтереді.

Халықаралық ынтымақтастық

2019 жылы Қор халықаралық қаржы институттарымен және шетелдік ұйымдармен өзара әрекеттестікті кеңейту бойынша жұмысын жалғастырды.

Қазақстан Республикасында ШОК дамыту мақсатында келесі серіктестермен: КОВИА Әзірбайжан Республикасының Шағын және орта бизнесті дамыту агенттігімен, КОСМЕ Корея ШОК және стартаптар агенттігімен, Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кәсіпкерлік қызметті дамытуды қолдаудың мемлекеттік қорымен, «Кепілдік Қоры» ААҚ (Қырғызстан), Әзірбайжан Республикасының Кәсіпкерлікті дамыту қорымен, Моңғолия Кредиттік-кепілдік қорымен, «МСП Банк» АҚ (Ресей), Аналитикалық Кредиттік Рейтингік Агенттігімен (Ресей) серіктестікті орнату үшін бірқатар екі жақты құжаттарға қол қойылды.

Қор іс-шараларды ұйымдастыру және басшылықтың оларға қатысуы бойынша жұмыс жүргізді. Қордың Нұр-Сұлтан қ. өтетін ULTTYQ ONIM (2019 жылдың 4–6 мамыры) жыл сайынғы көрмесінде Қор Ernst & Young Poland, Qaztech Ventures, Astana HUB, Nazarbayev University қатысуымен «Стартаптар экожүйесі – қазақстандық экономиканың жаңа драйвері» тақырыбына семинар ұйымдастырды. Сондай-ақ MATRADE, Amanie Advisors, CSQ Law малайзиялық ұйымдарының, сонымен қатар ICD, МФЦА, KASE, Al Hilal, Al Saqr Finance Ислам жеке меншік секторды дамыту корпорациясының қатысуымен «Ислам қаржылары: Қазақстанда ШОБ дамытудың баламалы векторы» тақырыбына семинар өткізуді ұйымдастырды. Одан басқа, көрме алаңдарында арнайы аймақта қазақстандық және шетелдік кәсіпкерлердің арасында B2B кездесулер өткізілді. Барлығы көрмеге 7 шетелдік делегация (Әзірбайжан Республикасы, Доминикана Республикасы, Малайзия, Корея Республикасы, Польша Республикасы, Түрік Республикасы, Өзбекстан Республикасы), 5 халықаралық ұйым (ЕҚДБ, АДБ, Қазақстан БҰҰДБ, ICD, Ernst & Young), сонымен бірге 6 мемлекеттің бизнес-топтарының өкілдері (Әзірбайжан Республикасы, Пәкістан Ислам Республикасы, Польша Республикасы, Татарстан Республикасы, Түрік Республикасы, Өзбекстан Республикасы) қатысты.

Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамыту бағыты бойынша «Даму» Қоры «БҰҰ-әйелдер» құрылымының ғаламдық бастамасына қосылып, «Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттарын» қолдады. Бұл бастама бизнестің әлеуметтік жауапкершілік саласындағы ең ірі дүниежүзілік бастамасы болып табылады және корпоративтік саясатты ашықтық пен инклюзияны арттыруға, гендерлік теңдікті ілгері бастырудың, кемсітушілікті түп тамырымен құртудың және бизнес-компаниялардың қызметіне әйелдердің қатысуын маргиналдаудың тиімді әдістерін, құралдарын және практикаларын қолдануға шақырады. «Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттарын» қолдау туралы өтінішке 2 639 компания, соның ішінде Google, Citigroup Inc, Nasdaq, PwC, Ernst & Young және Coca-Cola қол қойды.

2019 жылдың 6 қарашасында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Омбы қаласында (Ресей) Мемлекет басшыларының қатысуымен өткен Өңіраралық ынтымақтастық форумында «Даму» Қоры «Деловая Россия» ҚБ-мен бірлесіп «Әйелдер кәсіпкерлігі – креативті экономиканы өсірудің драйвері» тақырыбына панельдік сессия өткізді. Қорды «Атамекен» ҰКП, Қазақстан Іскер әйелдер қоғамдастығы, Қазақстан кәсіпкерлері қоғамдастығы, «Деловая Россия» ҚБ Қорының серіктестері және «МСП Банк» АҚ, сондай-ақ ресейлік мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлер қолдады.

Осы жылдың ішінде «Даму» Қоры сондай-ақ халық пен кәсіпкерлер үшін мемлекеттік және басқа да қызметтерді көрсету саласында тәжірибе алмасу үшін Тәжікстан Республикасынан, Моңғолиядан, Түркі Республикасынан және Өзбекстан Республикасынан делегацияларды қабылдады.

Қазақстандық кәсіпкерлердің өндірістік және экспорттық әлеуетін арттыру шегінде, «САМАЛ ЖЕЛ» Қазақстан мен Кореяның жаңа экономикалық ынтымақтастық бағдарламасына сәйкес 2019 жылдың 4 желтоқсанында «Даму» Қорының Бас кеңсесінде Қор KOSME Корея шағын және орта бизнес пен стартаптар агенттігімен бірлесіп ККТЕС қазақ-корей технологиялық алмасу орталығының салтанатты ашылуын ұйымдастырды.

Қазақстандық кәсіпкерлерге жүйелі негізде халықаралық іс-шаралар мен біліктілікті арттыру бағдарламалары туралы ақпарат беріледі. Осылайша, 2019 жылы қазақстандық кәсіпкерлер Краков қаласындағы (Польша Республикасы) Польша кәсіпкерлікті дамыту агенттігі (ПКДА) ұйымдастырған B2B миссиясына қатысты. Оған қоса, Қордың АҚШ Сауда министрлігінің SABIT (Special American Business Internship Training Program) тағылымдамалар бағдарламасымен ынтымақтастығының арқасында 2019 жылы Қор клиенттері «сүт өнімдерін қайта өңдеу және қаптау» тағылымдамасына қатысу үшін фермерлік қауымдастықтар мен шаруашылықтар тәжірибесін зерделеу, сондай-ақ ірімшік пен йогурт өндіретін зауыттарға бару мақсатында іріктеуден өтті және Орталық Азия кәсіпкерлерімен бірлесіп Вашингтон қ. (Колумбия округі), Мэдисон қ. (Висконсин штаты) және Чикаго қ. (Иллинойс штаты) барып қайтты. Тағылымдамадан өту аясында АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігінің, азық-түлік рационары бойынша консалтингтік компания, ірімшік өндірушілер қауымдастығының және жеткізілімдердің суықтық тізбегін басқару жөніндегі компания өкілдерімен кездесті.

Қор қызметкерлерінің біліктілігін арттыру да халықаралық ынтымақтастық бойынша жұмыс бағыттарының бірі болып табылады. 2019 жылы «МСП Банк» АҚ-да (Мәскеу қ., Ресей Федерациясы) «секьюритилендіру» тақырыбы бойынша тағылымдама ұйымдастырылды, сондай-ақ KOSME Корея шағын және орта бизнес пен стартаптар агенттігінде (Сеул және Ансан қалалары, Корея Республикасы) тағылымдама ұйымдастырылды.

«Даму» Қоры «жасыл» қаржыландырумен айналысуын және осы бағытта халықаралық ұйымдармен жұмысын жалғастырып келеді. 2019 жылы ЖКК аккредитациясын алу және одан кейін қаржыландыруға қолжеткізу мәселелерін талқылау үшін Жасыл Климаттық Қор (ЖКК) өкілдерімен бірқатар кездесулер өтті.



05

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА
КӘСІПКЕРЛІКТІ
ҚОЛДАУДЫҢ ЖАҢА
ҚҰРАЛДАРЫ



Қарапайым заттар экономикасы

ҚР Үкіметінің 11.12.2018 ж. № 820 Қаулысымен қолжетімді кредиттеу мәселесін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз ету аясында басым жобаларды кредиттеу механизмі бекітілді.

ҚР Ұлттық Банкі өз қаражаттарының және оның басқаруындағы қаражаттардың есебінен өтеу мерзімі 7 жылға дейінгі 600 миллиард теңгеге дейінгі сомаға ЕДБ облигацияларын сатып алады. Әр ЕДБ-ке шаққанда облигацияларды сатып алудың максималды лимиті 70 миллиард теңгеден аспау керек. Бұл ретте шағын және орта бизнес субъектілері іске асыратын жобаларды кредиттеуге кемінде 100 миллиард теңге жұмсалады. Осы мақсатта әр ЕДБ Басым жобаларды кредиттеу механизмінде белгіленген шарттармен жалпы берілген кредиттер көлемінің кемінде 17% мөлшерінде жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

Субсидиялау жылдық 15%-дан аспайтын номинал сыйақы мөлшерлемесімен кредиттер бойынша жүзеге асырылады. Оның ішінде 6%-ын жеке кәсіпкерлік субъектісі төлейді, ал айырмасын мемлекет субсидиялайды.

Осы жобаның аясында Қор жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша екінші деңгейдегі банктерге субсидияларды аудару бойынша қаржы агенттігі ретінде әрекет етеді.

Осы ретте, 2019 жылдың ішінде 64,5 млрд теңге кредит сомасына 171 жобаға қол қойылды. Төленген субсидиялардың сомасы 1,1 млрд теңгені құрады.

Сонымен қатар, осы жобаның аясында, Қор жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеріне кепілдік беру жөніндегі қаржы агенттігі ретінде әрекет етеді. 2019 жылдың ішінде 6,7 млрд теңге кредиттер сомасына 87 кепілдік берді, кепілдіктер сомасы 2,7 млрд теңгені құрады.

2018 жылы «Бизнестің жол картасы-2020» Мемлекеттік бизнесті қолдау және дамыту бағдарламасының аясында субсидиялау құралы бойынша барлық өзгерістер шағын және орта бизнеске арналған, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыруға арналған бағдарламалардың шарттарын жақсартуға бағытталды. Атап айтқанда:

- субсидиялауға жататын сыйақының шекті мөлшерлемесінің есебі белгіленді: ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесі + 5% (ЕДБ орташа маржасы);
- кредиттің/лизингтің максималды сомасы 4,5 млрд теңгеден 2,5 млрд теңгеге дейін азайтылды және Бағдарлама аясында

ірі кәсіпкерлікке қатысушы-субъектілер алып тасталды;

- субсидиялау мерзімі субсидиялау мерзімін әрі қарай ұзартусыз 5 жылға дейін созылды;
- «ДКБ-2020» Бірыңғай бағдарламасының атауы «ДКБ-2020» Мемлекеттік бағдарламасына ауыстырылды;
- жобаларды өңірлік үйлестіру кеңестерінің қатысуынсыз қараудың бірыңғай тәртібі мен механизмі белгіленді. Қазіргі уақытта бұл функцияны «Даму» Қоры жүзеге асыруда;
- ҚР Үкіметінің 11.12.2018 ж. «Қолжетімді кредиттеу міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» № 820 қаулысына сәйкес Қордың тиісті бөлімшелерінің өзара әрекеттесу тәртібі көзделді.

2018 жылы «Бизнестің жол картасы-2020» Мемлекеттік бизнесті қолдау және дамыту бағдарламасының және 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» өнімді жұмысбастылық пен жаппай кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламасының аясында портфельдік кепілдік беру әдісі енгізілді.

Портфельдік кепілдік беру – бұл Қор белгілеген лимиттің шегінде кәсіпкерлерге кепілдік беру нысаны. Осы нысанның аясында екінші деңгейдегі банк (бұдан әрі – ЕДБ) Қормен келісудің қосымша рәсімдерсіз өз бетінше кепілдік беру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Портфельдік кепілдік беру бойынша рәсім төмендегідей:

1. ішкі құжаттарда белгіленген рәсімге сәйкес ЕДБ өз бетінше кәсіпкердің өтінішін қарайды, қарыз алушыға және жобаға кешенді сараптама (қаржылық жағдай, кепілдік қамтамасыз ету) жүргізеді;
2. ЕДБ Қор кепілдігімен кредит беру туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, Қорға банктік қарыз шартының көшірмелерін жібереді;
3. Қор кепілдік шартын рәсімдейді және оған қол қояды, содан кейін ЕДБ-ке жібереді;
4. ЕДБ кепілдік шартына қол қояды, оған кәсіпкердің қол қоюын қамтамасыз етеді және қол қойылған кепілдік шартын Қорға жібереді.

Осы кепілдік беру нысанын Қор мен ЕДБ арасында кепілдік берілген жағдайдағы лимит, мерзімдер және шарттар белгіленетін Портфельдік кепілдік беру туралы келісім жасалған жағдайда қолдануға болады.

«Бизнестің жол картасы-2020» Мемлекеттік бизнесті қолдау және дамыту бағдарламасына кепілдік беру құралы бойынша кепілдік алу жағдайларын айтарлықтай жақсартқан және оны алу үдерісін жеңілдеткен келесі өзгертулер енгізілді:

1. мемлекеттік-жеке серіктестік туралы шарттар аясында іске асырылатын жобалар бойынша салалық шектеулер алып тасталды;
2. кепілдікті бекіту үдерісінен Өңірлік үйлестіру кеңесу алып тасталды;
3. кепілдікті төменде аталған әдістердің бірі бойынша алуға болады:
 - ЕДБ шешімі қабылданғаннан кейін;
 - ЕДБ жүгінгенге дейін, яғни алдымен кәсіпкер Қордан кепілдік беру туралы шешімді алады, содан кейін кредит алу үшін ЕДБ-ке жүгінеді;
 - портфельдік кепілдік беру шегінде. Қор мен ЕДБ арасында кредиттерге кепілдікті өз бетінше беруге ЕДБ лимит белгілейтін Келісімге қол қойылады;
4. сыйақы мөлшерлемесіне оны белгілеу күнін нақтылайтын түзетулер енгізілді: «Кепілдік беру тек қана номинал сыйақы мөлшерлемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кәсіпкердің жобасы бойынша банк шешім қабылдаған күнгі 5 (бес) пайыздық тармаққа ұлғайтылған базалық сыйақы мөлшерлемесінен аспайтын кредиттер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін»;
5. кредит сомасына қарамастан барлық кәсіпкерлер «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы кепілдік алуға электрондық өтініш бере алады;
6. жеке кәсіпкердің тіркелгенін растайтын құжаттың нысанын нақтыланды.

2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» өнімді жұмысбастылық пен жаппай кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламасы

2019 жылы «Даму» Қоры 2017–2021 жылдарға арналған, жаппай кәсіпкерлікті ынталандыру және еңбек нарығын дамытудың жұмысбастылығын қамтамасыз ету мақсатымен әзірленген «Еңбек» өнімді жұмысбастылық пен жаппай кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі – «Еңбек» Бағдарламасы) іске асыру аясында көзделген республикалық және облыстық бюджеттердің кезекті қаражаттарын тартты.

Сонымен қатар «Еңбек» Бағдарламасы «Қазақстан-2050» Стратегиясында және Қазақстанның әлемнің 30 ең дамыған мемлекеттерінің қатарына енуі жөніндегі тұжырымдамада анықталған даму басымдықтарын, атап айтқанда жұмысбастылықты және еңбекақы төлеуді қамтамасыз ету саясатын жаңарту, адами капиталдың сапасын арттыру, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, әлеуметтік қолдаудың мекенжайлылығын қамтамасыз ету сияқты басымдықтарды орындайды.

«Еңбек» бағдарламасының мақсаты халықтың өнімді жұмысбастылығына қолдау көрсету және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту

болып табылады. «Еңбек» Бағдарламасының мақсатына және мақсатты индикаторларына жету үшін келесі үш бағыт бойынша жұмыс жүргізіледі:

1. Бағдарламаға қатысушыларды техникалық және кәсіби біліммен және қысқа мерзімді кәсіби оқумен қамтамасыз ету;
2. жаппай кәсіпкерлікті дамыту;
3. халықтың жұмыспен қамтылауына қолдау көрсету арқылы еңбек нарығын және еңбек ресурстарының ұтқырлығын дамыту.

«Еңбек» бағдарламасы еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби дағдыларды және біліктіліктерді алудың тиімді жүйесін құруға, жаппай кәсіпкерлікті дамытуға, еңбек делдалдығының тиімді моделін құруға, оған қоса халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға бағытталған.

«Даму» Қоры жаңа микрокәсіпорындарды құру, жаңадан бастап келе жатқан және әрекеттегі кәсіпкерлердің қызметін кеңейту үшін қалаларда, моноқалаларда (шағын қалаларды қоспағанда) кредиттеу/микрокредиттеу арқылы қаржылық агент ретінде қызмет атқара отырып, «Еңбек» Бағдарламасының негізгі орындаушыларының бірі болып табылады.

Қалалар мен моноқалаларда кредиттер/микрокредиттер қорландырылуы «Даму» Қоры арқылы жүзеге асырылатын екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ), микроқаржы ұйымдары арқылы беріледі.

«Еңбек» Бағдарламасының қатысушыларына кредиттерді/микрокредиттерді беру шарттары:

1. кредиттің/микрокредиттің мерзімі – 5 жылға дейін, мал шаруашылығы саласындағы жобаларға және ауыл шаруашылық кооперативтерді құруға арналған кредиттің/микрокредиттің мерзімі – 7 жылға дейін;
2. кредиттің/микрокредиттің ең жоғарғы сомасы:
 - қалаларда, моноқалаларда (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтау, Атырау қалаларын қоспағанда) – 6,5 мың АЕК дейін;
 - Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтау, Атырау қалаларында – 8,0 мың АЕК дейін;
3. номинал сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 6 % жоғары емес.

2019 жылы «Еңбек» бағдарламасын іске асыру үшін жалпы сомасы 12,86 млрд теңгені құрайтын бюджеттік қаражаттар тартылды. Оның 15 млрд теңгесі 14 ЕДБ/МҚҰ-на орналастырылды (2018 жылдың соңында тартылған 2018 жылдың бөлінбеген қаражаттарын ескергенде). 2019 жылдың ішінде бағдарлама

бойынша осы бағдарлама аясында бұрын бөлінген қаражаттар бойынша жаңартпалы ақша берулерді ескере отырып, жалпы 22,7 млрд теңгеге 1 851 МШОК субъектісі қаржыландырылды.

Қаражаттарды шартталған орналастыру бағдарламалары

2019 жылы «Даму» Қоры қаражаттарды «Даму» Қорының стратегиялық міндеттерін орындау, сондай-ақ қолданыстағы кәсіпкерлікті қолдау құралдарын жетілдіру, МШОК субъектілерінің жеңілдігі бар ресурстарға қолжеткізуін жеңілдету, «Даму» Қорының өнімдер желісін, соның ішінде мемлекеттік емес көздердің есебінен кеңейту, баламалы қаржы құралдарын дамыту мақсатында қаражаттарды орналастыру себепші болған құралдың аясында жаңа бағдарламаны енгізу жоспарланды.

2019 жылы зияткерлік меншік объектілерін құрумен/сатып алумен және франчайзинг жүйелерін қолданумен байланысты микро-, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің мәмілелерін қаржыландыру бойынша қаражаттарды, шартталған орналастырудың жаңа бағдарламасы әзірленді. Бұл құрал франчайзинг сұлбаларын қолдана отырып, әрекеттегі бизнестің бастапқы және жаңа бағыттарын сапалы дамытуды қолдауға, сондай-ақ зияткерлік меншік объектілерін құруға/сатып алуға (тауар белгісін, материалдық емес активті құруға/сатып алуға және тіркеуге, патент/лицензия алуға, өнертабысқа, өндіріс құпияларына және селекциялық жетістіктерге авторлық құқықты тіркеуге және т. б.) бағытталған. Осы өнімді ілгері бастыру мақсатында Қор ЕДБ-мен оларды өнімді өткізуге қатысуы жөнінде талқылады, алайда ЕДБ қазіргі кезде қаржыландыру үшін ШОКС жобаларының болмауы себебінен қызығушылықтың жоқтығы туралы жеткізді.

Бір жылдың ішінде микро/шағын бизнес кәсіпорындарының «Даму» Қорының бағдарламаларына көбірек қолжеткізуін қамтамасыз ету, Қордың қарыз портфелінің тәуекелдерін әртараптандыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің экспортқа бағытталған өндірістерін төмендегідей қолдау шараларын іске асыру үшін қаражаттарды шартталған орналастыру бағдарламаларының шарттарын оңтайландыру бойынша жұмысының аясында қаражаттарды шартталған орналастырудың белсенді бағдарламаларын қайта бағарлады:

- мемлекеттік саясатты іске асыру және мемлекеттік экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан бөлініп (ҰҚ 1, 2, 3 транштары) іске асырылатын бағдарламаларда енді, сомасы шектелмеген тамақ өнеркәсібі жобаларын және экспортты дамытуға бағытталған жобаларды қаржыландыру көзделген;
- «Даму» Қорының өнімі «Даму-Лизинг» кәсіпкерлерді қамту шеңберін кеңейту және лизингтік мәмілелер бойынша кредит-

терді қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында, аванстық төлемнің мөлшері ШОКС-ң бастапқы жарна ретінде салатын лизинг затының құны 20%-ға дейін азайтылды және ШОКС қарызы бойынша сомасы 500 млн теңгеге дейін көбейтілді.

Одан басқа, 2019 жылдың ішінде «Даму» Қоры ШОК субъектілерін қаржыландыру бойынша құралды 2020 жылы өз меншігіндегі ресурстардың есебінен іске асыру жоспарланып отырған «исламдық қаржыландыру» қағидаларының негізінде іске асыруға қажетті барлық дайындық жұмыстары жүргізілді. ШОК субъектілерінің жобаларын Қор белгіленген шарттармен қаржыландырудың жүзеге асыратын операторлар анықталды. Құралды іске асыру Қазақстанда исламдық қаржыландырудың механизмдері мен құралдарын дамытуға мүмкіндік береді.

2019 жылы Қор ШОК субъектілерін өңірлік қаржыландыру бағдарламасын облыс бюджеттерінің қаражаттарымен бірге ортақтасып қаржыландыру шарттарымен іске асыруды жалғастырды. Мысалға, 2019 жылы 6 әкімдіктен жалпы 2,575 млрд теңгеге қаражат тартылды.

Азия даму банкімен ынтымақтастық аясында Қор Азия даму банкінің 35,3 млрд теңгесін жұмылдырды.

Сонымен қатар, 2019 жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ үшін Қор кепілдігімен Еуропалық қайта құру және даму банкінен 8,6 млрд теңге мөлшерінде қаржы тартылды (2018 жылдың келісімдері бойынша транштар).

Микробизнесті қолдау

Микрокредиттеуді дамыту шараларын қабылдау мақсатымен 2018 жылдың қарашасында қызметі микроқаржы ұйымдарын институционалдық дамытуға және қаржыландыруға бағытталған Апекстік департамент құрылды.

Микро және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қаражаттарды кейіннен орналастыру мақсатында микроқаржы ұйымдарын қаржыландыруды Қор республикалық бюджеттің қаражаттары есебінен, микро, шағын және орта кәсіпкерлікті сәйкестендірілген қолдау бағдарламасының шегінде Азия даму банкінің қарызының есебінен және «Микро, шағын және орта жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін және Даму-Микро» кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын/жоспарлап отырған жеке тұлғаларды қаржыландыру үшін қаражаттарды микроқаржы ұйымдарында, кредиттік серіктестерде шартталған орналастыру» өнімінің төлқұжаты аясында «Еңбек» өнімді жұмысбастылық пен жаппай кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламасының аясында жүзеге асырады.

Сонымен бірге, 2019 жылы Арыс қаласында зардап шеккен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру мақсатында «Ырыс» МҚҰ-на қаржы орналастырылды.

Осылайша, 2014–2023 жылдарға арналған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Даму стратегиясын іске асыру аясында, микро-бизнесті кредиттеуді кеңейту тұрғысында 2019 жылы Қор МҚҰ-ң кейіннен микро және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне микрокредиттерді беруі үшін қаражаттарды шартталған орналастыру бағдарламаларының/өнімдерінің шегінде 12 МҚҰ-на 5,979 млрд теңге сомасында қаржы орналастырды.

2020 жылы Қор республика өңірлеріндегі МҚҰ-мен өзара әрекеттесуді, әрекеттегі өнімдерде әрі қарай іске асыру немесе жаңасын әзірлеу үшін олардың қажеттіліктерін талдауды жоспарлап отыр.

Сонымен бірге, МҚҰ-на техникалық көмек көрсету көзделіп отыр. Атап айтқанда, МҚҰ институционалдық дамуының аясында МҚҰ басшылары мен қызметкерлері үшін МҚҰ мамандарының кредиттеу бойынша құзыреттілік деңгейін арттыру, кредиттік өтінімдерді қарау сапасын жоғарылату, тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру және нығайту және тәуекел-мәдениетті арттыру, МҚҰ қаржылық тұрақтылығын көтеру мақсатында кредиттік тәуекелдерді басқару бойынша семинарлар мен тренингтер өткізу жоспарлануда.

Секьюритилендіру

Осы жылдың ішінде «Даму» Қоры секьюритилендіру сұлбасы арқылы қаржы қаражаттарын соңғы қарыз алушыларға дейін жеткізудің баламалы механизмін зерделеу және оны енгізуге дайындалу жұмысын жүргізді: «Даму» Қорының өкілдерін МСП Банкте (Ресей) тағылымдамадан өткізу, нормативтік-құқықтық құжаттарды зерделеу және мемлекеттік органдармен кейбір заңнама нормаларын түсіндіру жөнінде хат жазысу, секьюритилендіру мәмілесіне қатысушыларды анықтау, мәміленің алдын ала шарттарын анықтау, «Даму» Қорының және «Даму» Қорының Жалғыз акционері – «Бәйтерек» Ұлттық басқару холдингі» АҚ-ң ішкі құжаттарын талдау және тиісті тәртіпке келтіру. Сонымен қатар ЕДБ-ге қамтамасыз ету, облигация шығару және оларды «Даму» Қорының сатып алуы түрінде кредиттік портфельді ұсыну және басқа да мәселелері бойынша түсіндірме берген мемлекеттік және басқа да мүдделі ұйымдармен талқылау жүргізілді. Нәтижесінде, ЕДБ бірімен алдын ала мәміле шарттары бар келісімге (Term-sheet) қол қойылды, жоспарланған мәміленің кейбір қатысушыларымен құпия ақпаратты жария етпеу туралы шарттар жасалды, Қордың меншікті қаражаттарының 5,0 млрд теңге мөлшерінде бірінші мәміле ресурстарының көлемі анықталды.

2020 жылы «Даму» Қоры қаржыны ШОКС соңғы қарыз алушыларына дейін қаражаттарды шартталған орналастыру құралының шегінде ШОБ кредиттік портфелімен қамтамасыз етілген секьюритилендірілген бағалы қағаздарды сатып алу механизмі арқылы жеткізудің осы баламалы механизмін енгізуді жоспарлап отыр.

Бизнес-үдерістерді автоматтандыру

Online.Damu.KZ порталы

2019 жылдың мамырында Қор барлық іске асырылып жатқан қолдау құралдарын, соның ішінде мемлекеттік қызметтердің шегінде көрсетілмейтін (БҰҰДБ, Даму-Оптим, «Еңбек» өнімді жұмысбастылық пен жаппай кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламасының аясындағы кредиттер бойынша кепілдіктер және т. б.) қолдау құралдарын цифрлық форматқа ауыстыру мақсатымен қаржылық супермаркет принципі бойынша Online.Damu өз Интернет-порталын іске қосу бойынша бастамасын іске асырды. Online.Damu Интернет-порталын клиенттер Интернет желісіндегі <https://online.damu.kz> мекенжайы бойынша қарап шыға алады. 2020 ж. 1 қаңтарындағы жағдай бойынша «Даму» Қорының Интернет-порталы арқылы 386 өтінім берілді және өңделді (кепілдік беру құралдары бойынша 238 өтінім және субсидиялау құралдары бойынша 148 өтінім), 852 консультация өткізілді, 162-сі қолдау қызметтерін іріктеуді қолданды және 39 кәсіпкер Қордың call-орталығының кері қоңырау шалуына тапсырыс берді.

Автоматтандырылған рейтингтік модель

2019 жылдың тамызында Қордың сервистік автоматтандырылған рейтингтік моделін іске қосу бойынша жұмыстар аяқталды. Қордың рейтингтік моделі сапалық (қаржылық коэффициенттерден құралатын қаржылық тәуекелді бағалау көрсеткіштерінің) және сандық (бизнес-тәуекелді бағалау көрсеткіштерінің, атап айтқанда іскерлік бедел, басқару сапасы сияқты көрсеткіштердің және т. б.) талдаудың, қарыз алушының қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі жақтарын бағалаудың, сондай-ақ дефолт алды белгілерді талдаудың негізіндегі балдар жиынтығын білдіреді. Рейтингтік модельді енгізу және валидациялау нәтижелері кейіннен Қорға шешім қабылдау кезеңдерінде машинамен оқу құралдарын пайдалануға және одан кейін дефолттық жобалар санын көбейтпесіз мемлекеттік бағдарламалар аясында кепілдік беру мерзімдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Рейтингтік модельдің жұмысының қорытынды нәтижесі халықаралық шкалаға баламалы дефолттың басталу ықтималдығын және рейтингтік разрядты (бағалауды) анықтайтын қорытынды, болжамды рейтингті есептеу болып табылады. Рейтингтік модельдің кемелдігінің ағымдағы кезеңінде алынған баға Қорда ұсынымдық сипатқа ие болады, бірақ кепілдік беру бойынша шешім қабылдау кезеңінде кредиттік комитеттің назарына ілікті.





Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігі



BAITEREK



DAMU
КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ

2019